

**Жарқайың ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін және мөлшерін айқындау туралы**

*Күшіні жойған*

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 6С-33/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 қаңтарда № 7018 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 6С-50/3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 19.03.2020 № 6С-50/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері 1-қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*С.Әубәкіров*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*Ұ.Ахметова*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Жарқайың ауданының  
әкімі*

*М.Балпан*

24 желтоқсан 2018 жыл

Жарқайың аудандық  
мәслихатының  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 6С-33/3 шешіміне  
1-қосымша

# **Жарқайың ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері**

## **1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жарқайың ауданы аумағында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

2. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) және/немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүгінуге құқылы.

3. "Жарқайың ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асырады.

4. Отбасы (азамат) (не нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Ереженің 4-тармағына сәйкес құжаттарды береді.

Тұрғын үй көмегі құжаттарды берген айдан бастап толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады, мыналарды қоспағанда:

жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтер, үй) бар немесе тұрғын үйін жалға (қосымша жалға) беретін отбасыларды (азаматтарды);

еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істемейтін, күндізгі оқу нысанында оқымайтын, әскерде мерзімді қызмет етпейтін және уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелмеген (медициналық - әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес күтімге мұқтаж тұлғаларға күтімді жүзеге асыратын азаматтардан басқалары) отбасыларды (азаматтарды).

Аса көтерілген немесе заңсыз тұрғын үй көмегін тағайындауға апарып соқтыратын көрінеу күмәнді мәлімет ұсынған кезде, меншік иесі (жалдаушы) заңсыз алынған соманы ерікті түрде, бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарады.

5. Уәкілетті орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

6. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру тиісті қаржы жылына аудан бюджетінде көзделген қаржы шегінде жүргізіледі.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

7. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептейді.

8. Тұрғын үй көмегінің мөлшері осы мақсаттарға отбасының (азаматтың) коммуналдық қызметтерге жұмсаған шығыстарының нормалары мен шекті жол берілетін сомасы арасындағы айырма ретінде анықталады.

9. Отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің 11 % мөлшерінде:

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін.

10. Жекешелендірілген тұрғын жайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

11. Өтемақы шараларына жататын тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға 18 шаршы метр болып қабылданады. Жалғыз тұратын азаматтар үшін өтемақы шараларына жататын тұрғын үй көлемінің нормасы 30 шаршы метр болып қабылданады.

12. Өтемақы шараларына жататын, электр қуатының шығысы нормасына айына бір адамға 75 киловатт/сағат болып қабылданады.

13. Жылумен қамтамасыз ету, кәріз, қоқысты шығару және сумен қамтамасыз ету қызметтерін тұтыну жөніндегі шығыстар үшін өтемақы коммуналдық қызмет

жеткізулері ұсынған төлем құжаттарының негізінде алдыңғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша төленеді.

14. Жергілікті жылумен қатты отынды тұтынуға өтемақы нормасы ретінде отбасыға (азаматқа) жылына бір рет 5 тонна көмір белгіленеді. Қатты отынның құнын есептеу үшін статистикалық деректерге сәйкес, алдыңғы тоқсанда Жарқайың ауданы бойынша қалыптасқан орташа бағасы есепке алынады.

Жарқайың аудандық  
мәслихатының  
2018 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 6С-33/3 шешіміне  
2-қосымша

## **Жарқайың аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Жарқайың аудандық мәслихатының "Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4758 тіркелген, 2015 жылғы 1 мамырда "Жарқайың тынысы" және "Целинное знамя" аудандық газеттерінде жарияланған) шешімі.

2. Жарқайың аудандық мәслихатының "Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" Жарқайың аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 6С-2/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5311 тіркелген, 2016 жылғы 29 сәуірде "Жарқайың тынысы" және "Целинное знамя" аудандық газеттерінде жарияланған) шешімі.

3. Жарқайың аудандық мәслихатының "Жарқайың аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/5 "Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2018 жылғы 16 мамырдағы № 6С-23/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6652 тіркелген, 2018 жылдың 19 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.